

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » ____
№ ____

010000, Астана, Мажилис Парламента
« __ » ____ 20 __ года

2024 жылғы «31» қаңтарда жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі
Ә. А. Смайыловқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Мен депутат Мұрат Әбенәп бiрге қаңтар айындағы сайлаушылармен кездесу барысында Қызылорда облысында орналасқан «Orda Glass Ltd» кәсіпорнының ұжымымен кездестік.

«Orda Glass Ltd» кәсіпорны еліміздегі **жалғыз шыны зауыты**. Кәсіпорын 2022 жылы инвесторлардың жеке қаражаты есебінен салынып, жобаға 46 млрд теңге құйылған, 373 адамды жұмыспен қамтып отыр. Қуаттылығы 200 мың тоннаны құрайтын өндірісте күніне 500-510 тонна шыны жасалуда. Зауыт аумағында құны 100 млрд теңгені құрайтын 8 шағын ілеспе зауыт құру бойынша жобалар бар, келіссөздер жүргізілуде.

Зауыт іске қосылғаннан бері 173 мың тонна өнім шығарып, оның 70%-ы ішкі нарыққа сатылса, 30% көрші елдерге экспортталған (*Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Грузия*). Шыны зауыты қосылғанға дейін елімізге **шыны өнімі 100% импорталып келген**. Отандық шыны зауыты нарықтағы шыны өнімдерінің бағасын 50%-ға дейін төмендетуге ықпал етті.

Елімізге жылына 167 мың. тонна шыны қажет болса, оның 66%-ы (*110 мың тонна*) осы кезде импорталуда. (*Анықтама: Ресей – 65 мың тонна, Қырғызстан - 42 мың тонна, басқа елдер 3 мың тонна.*)

Отандық шынының сапасы өте жоғары, зауытта озық жабдықтар есебінен жоғары технологиялық өнімдер өндірілетінін атап өткіміз келеді. Барлық құрал-жабдықтар Еуропадан, АҚШ-тан әкелінген. *Анықтама: Балқыту неші-АҚШ, газ оттығы - Шотландия, флоат ванна-Италия, лер күйдіру - Италия, конвейер таспасы - Италия, Робот жеңдері - Италия. Тіпті зауыт зертханасы жапондық, түрік және американдық құралдарымен жабдықталған.*

2023 жылы көршілес елдердегі шыны кәсіпорындары (*бәсекелестер*) еліміздің шыны өндірісін жоюға бағытталған кешенді жұмыстар жасап, еліміздің шыны

өндірісіне демпинг жасап отыр. Онымен қоса ресейлік тауарлар үшін сыртқы нарықтың тарылуы мен рубль бағамының теңгеге теңгерімінде төмендеуі ресейлік шыны өніміне сұраныс арттыруда. Қырғызстанның шыны өндірушілері де нарықтық бағаны төмендетіп, отандық шыны өнеркәсібіне айтарлықтай әсер етуде.

Барлық елде алдымен отандық тауарөндірушілер қорғалады. Өзге елдердің үкіметтері ішкі бағаны отандық тауарөндірушілерге қолайлы деңгейде ұстап тұру үшін импортты шектеу жөнінде шара қабылдайды. Өкініштісі бізде отандық тауар өндірушілерді қорғайтын шаралар жоқ.

Біздің көршілеріміз отандық өндірушілерді қолдаудың әр алуаны механизімін жасап отыр, мысалы қосымша құн салығын қайтарып беру, өндіріске қажетті газ қуатының бағасын да арнайы тарифпен төмен беру сияқты. Мысалы: Ресейлік шыны зауыттары өз елінде шыны өнімдерін тоннасына 135 мың теңгеден, ал қазақстандық нарықта тоннасына 130 мың теңгеден сатады.

Біздің елімізде керісінше осы қиын кезде, отандық жалғыз өнірушіні қолдаудың орнына шыны өндіруге қажетті газ қуатының бағасын 1 жылдың ішінде 3 есеге өскен. Сондай-ақ, шыны өніміне қажетті сырттан келетін компонентердің бағасының айтарлықтай өсіп, отандық шыны өнімінің құнын өсіруде. Түптеп келгенде, мұның бәрі бәсекелестікке кері әсер етуде.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Америка, Европа, Азияның дамыған мемлекеттерін аралап, дүниежүзіне танымал кәсіпорын басшыларымен кездесіп, елімізге жұмыс жасауға шақырып, үлкен қызмет атқаруда. Осындай жұмыстың нәтижесінде елімізде болмаған озық жабдықтармен жабдықталған **шыны өндірісі пайда болды**. Сол себептен кәсіпорыға қолдау жасап, мәселелерін шешуге үлес қосу керек.

Жоғарыда аталғандар негізінде, **құрметті Әлихан Асханұлы**, жобаның еліміз үшін маңыздылығын ескеріп, көрші елдерден демпинг (*бәсекелестікке сай емес*) бағамен келіп жатқан өнімдерге зерттеу жүргізіп, шара қолданып, мемлекет бюджетінен салынып жатқан құрылыс объектілеріне отындық шыныны пайдалануды талап ету арқылы, өзіміздің отандық өндірушіні қолдауды сұраймыз.

Құрметпен,
«Amanat» партиясы
Фракциясының депутаттары

М. Ергешбаев
М. Абенов
М. Ескендіров